

Қазақстан Республикасының
Денсаулық Сақтау және
Әлеуметтік Даму Министрлігі



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
Фармацевтика академиясы

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

Діннің болашағы: мәселелері мен перспективасы

Орындаған: Төлеген Б.

Тобы: 202 “Б” МПД

Қабылдаған: Мырзалиева Э.Қ.

Шымкент-2016

ЖОСПАР:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

а)Ислам діні.

Б)Діннің болашағы.

в)Діннің мәселелері.

д)Діннің перспективалары.

III.Қорытынды.

Пайдаланған әдебиеттер.

ИСЛАМ ДІНІ.

- Ислам діні - адамзат тарихы мен өркениетіне айрықша үлес қосқан ең ұлық дін. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым дамып, адамзат адамгершілік пен парасаттың шыңына көтерілген. Шөліркеген даладай қуаңсып, суалған көлдей құлазыған мекендер мұсылманшылықтың аяқ басуымен көгалды шалғын, көк майсалы жерге айналды. Мұсылмандық Орта Азияға, оның ішінде қазақ еліне біздің дәуіріміздің VIII ғасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңісі бүкіл Орта Азиялық аймаққа Ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ оның мәдениетінің де еркін таралуына жол ашты.

- Қасиетті Құран Кәріммен бірге қазақ даласына үлкен Ислам өркениеті келді. Ғылым, білім жанданды. Көптеген қалалар салынды. Онда медреселер мен ғылыми ошақтар жұмыс істеді. Жергілікті халық арасынан Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири секілді өз шығармаларында гуманизмді марапаттаған терең ойлы ғұламалар шықты.

ДІННІҢ БОЛАШАҒЫ.

Қазіргі таңда облыс аумағында 200-ден астам түрлі діни бірлестіктер қызметін жүзеге асырып келеді. Олардың басым бөлігін мұсылман мен христианның православ ағымына сенетіндер құрайды. Ал қалғандары түрлі протестанттық және діни ағым өкілдері. Бүгінде бұл ұйымдармен жұмысты - діндер ісі жөніндегі департамент жүзеге асырады.

2011 ж. 18 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 44 бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Дін істері комитетін Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі етіп қайта құру туралы қаулы етілген «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» Жарлыққа қол қойды.

Бүгінде өңірімізде түрлі діндерді ұстанған 25 миссионер қызу еңбек етуде. Соңғы уақытта олардың қатары біршама сиреген. Оған көші-қон заңнамасына енгізілген өзгерістер де, шетелдік азаматтардың республика аумағында болу мерзімінің аяқталуы да септессе керек. Соған қарамастан бүгінде олардың қызметін қадағалап, жиналыста көтерген жалынды ұрандарын сараптап жатқан ешкім жоқтығын алға тарттылып отыр. Облыс әкімі шеттен белгілі бір мақсат арқалап келгендердің жұмысын ерекше бақылауға алуды тапсырды. Жастарды түрлі ағымдарға жетелейтіндер исламды ұстанғандардың арасында да табылып жатыр.

2011 ж. 18 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 44 бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Дін істері комитетін Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі етіп қайта құру туралы қаулы етілген «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» Жарлыққа қол қойды. Агенттік құрылған соң Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» № 888 қаулысының негізінде Орталық Дін істері агенттігінің басқаруына берілді.

Орталықтың мақсаты дін мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардың қызметіне ғылыми-әдіснамалық және ақпараттық-талдау жұмыстары бойынша қолдау көрсету болып табылады.

- Дәстүрлі дініміз Исламда жас ұрпақтың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді «атаның баласы емес, адамның баласы» болуға баулу айрықша маңызға ие. Жалпы, жұртшылықтың соның ішінде жастардың дінге бет бұруының қоғам үшін пайдасы зор деп айтуға болады. Өйткені, иман ұялаған жерге ырыс, береке даритыны шындық. Бірақ та біздер үшін жалпы қоғам үшін бұл да жеткіліксіздеу, әліде болса дами түсу керек. Соның ішінде айырықша мән беруіміз керек болғаны білім тұрғысынан өзге жұртпен терезесі тең деңгейден табылуымыз тиіс. Өйткені, ақиық елші пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) үмметін тал бесіктен-жер бесікке дейін ілім алуға, ілімге сай амал етуге үндейді.

- Тағы бір мубарак сөзінде: «Ілім — Исламның өмірі, иманның тірегі. Ешкім сауатсыздығымен құрметті, ал ілімімен масқара болмайды. Бос уақытын ілімге жұмсаған адам құтылады. Салих ғалымдардан болыңдар, егер салих ғалымдардан болмасаңдар, сондай ғалымдардың сұхбатына қатысыңдар, сендерді хидаятқа (тура жолға) қауыштыратын, адасушылықтан алыстататын ілімді тыңдаңдар. Қай жерде ілім бар болса, сол жерде мұсылмандық бар», - делінген.

ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Егер ислам тарихына көз жүгіртер болсақ, онда оның пайда болған кезінен бастап ғылым мен мәдениетті кемеліне келтіре гүлдендіргеніне куә боламыз. Мұсылман дінінде кейбір өзге діндердегідей ғылым мен таным күнә ретінде жарияланып, қудаланған жоқ, керісінше дәріптелді.

Орта ғасырларда Араб халифатында дін мен философия, ғылым мен әдебиет, мәдениет пен өркениет өзара сұхбат пен ынтымақтастықта дамыды. Ислам діні бұрынғы «джахилийя» дәуіріндегі рухани азғындықтарды жойып, адамзатқа ізгіліктің жолын сілтеді. Халифаттың құрамына енген және исламды қабылдаған барлық елдер мен халықтарда бүкіл ортағасырлар бойы өзіндік бірегей әрі біртұтас мұсылман мәдениеті салтанат құрды.

VIII - XII ғасырларда Шығыста орнығып, антикалық мәдени және ғылыми-философиялық мұраны игеріп қана қоймай, оны одан ары жетілдіріп, өздері көркем әдебиет пен филология, тарих пен география, математика мен астрономия, медицина мен музыка, логика мен философия салаларында, сондай-ақ сәулет өнері мен көркем қолөнерде аса ірі табыстарға жеткен бұл өркениетті медиевист-зерттеушілер «мұсылман ренессансы» деп атайды.

- Жастар арасында кездесетін кейбір келеңсіздіктің, атап айтқанда, нашақорлық, маскүнемдік, қылмысқа бейімдік, жұмыссыздық, білімге селқостық, жеке бас мәдениеттің төмендігі секілді бірқатар мәселелерді шешудің бір ғана жолы-рухани, имани иммунитетті көтеру. Расында да, бүгінгі алмағайып заманда бала тәрбиесінің нашарлауы, рухани құндылықтардың әлсіреуі, қоғамда жаман әрекет пен жат қылықтардың көрініс табуы, т.б. осы секілді келеңсіз жайттар жас ұрпақтың бүгінгі рухани және мәдени келбетін қалыптастыруға теріс әсер етіп жатыр. Соның ішінде тоқтала кетсек қандастарымыздың көбінің топ-тобымен жат діннің жетегінде жүргені жасырын емес. Бұған көп нәрсе себеп. Соның бірі кешегі кер замандағы үстемдік еткен жетпіс жылдық діни нигилизмнің салқыны деуге болады.

- Бұл кезде атеистік танымда тәрбиеленген аға ұрпақ қабір тастан қойма салып, бабалар қорымын темір тажалмен тілгілеп, аңызға айналдырды. Халықты хаққа қарсы қойған Құдайсыз қоғам орнады. Артынша азаттықтың самалы есті. Көп болып аңсаған күн де туды. Бірақ, тәуелсіздіктің елең-алаңында ес жиып, еңсе тіктеу оңайға соқпады. **«Шөлдеген жан су көрсе, бас қоймай ма қайнарға»**, -деп Абай данамыз айтқандай жылдар бойы рухани сусаған халық бірден дінге бас қойды. Дінсіздік деңдеген елдің ересегінің де, әсіресе жастарының діни санасы тым төмен еді. Соның ішінде ислами тәрбиенің тым төмендігі. Өкінішке орай соңғы жылдары қазақ қоғамында ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылып, бала тәрбиесінің тым нашарлап кеткені белгілі. Оған есірткімен анашаға тәуелділер, ішкілік пен темекіге әуестер, жасөспірімдер арасында бұзақылықтар мен қылмыстың өршіп кетуі т.б. дәлел.

ДІННІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.

- Мұсылман өркениеті өзге мәдениеттерге төзімділігі мен сұхбатқа ашықтығының арқасында Алдыңғы Азиядағы иудейлер мен сириялық арамейлердің, Солтүстік Африка халықтары мен мысырлықтардың, батыстағы андалусиялықтар мен шығыстағы үнділіктердің, сонымен қатар Хорасан мен Орталық Азиядағы түркілер мен парсылардың жергілікті мәдениеттерін бірегей исламдық арнада тоғыстырды. «Араб-парсы-түркі» мәдени синтезі орын алған бұл кезеңде қазақ топырағынан әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи тәрізді ғұламалар шықты. Өйткені ислам діні бейбітшілік пен еркіндіктің, ізгілік пен әділеттіліктің діні еді және ол тек арабтарға немесе басқа бір тайпаға, халыққа, нәсілге ғана түскен жоқ, оны Жаратушы бүкіл адамзатқа арнап жіберді деп есептеледі. Сондықтан халифаттың шығысынан да, батысынан да ғалымдар да, әулиелер де көптеп шықты.

Бұл тұрғыдан алғанда «Мұсылман әлеміндегі ғылым және технологиялар: жетістіктері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми симпозиумның өткізілуі маңызды. Сонымен қатар оның өзектілігі мен әлеуеттілігі де төмендегі жағдайлармен сипатталады.

Соңғы онжылдықтарда еліміздің қоғамдық өмірінде діннің, оның ішінде ислам дінінің (өйткені республика тұрғындарының 70 пайызы ислам дінін ұстанады) рөлі өсе түсті: дәстүрлі діни институттардың әлеуметтік функциялары кеңеюімен қатар, жаңа діни ағымдар да пайда болды, олардың арақатынасы шиеленісті, дінтанулық, оның ішінде исламтанулық білім дамыды. Бүгінгі күні діни сананың жаңғыруы бүкіл әлемді қамтып отырған факт қана емес, қоғамдық дамудың кескін-келбетін ай қындаушы факторға да айналуға.

- Бұл қалыптасқан діни ахуал ғылыми зерттеулерді тарихи ретроспективадан қазіргі заман мен перспективаға көшіріп, дінді жүйелі әрі кешенді зерттеудің жаңа концептуалдық, методологиялық және дүниетанымдық тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Себебі адам өмірінің сан алуан қырлары әлеуметтік кеңістіктің виртуалдануы мен компьютерленуі, жаһандануы мен жаңартылуы, миграция мен интеграция салдарынан трансформацияланып, діни институттар мен діндарлықтың сипаттары да өзгеруде.

Қоғамдық сананың ерекше рухани формасы ретіндегі дінге деген қатынасты түбегейлі өзгертті. Қазақстанда жүргізіліп келе жатқан рухани келісім мен конфессияаралық татулық саясаты, сондай-ақ әлемдегі ислам факторы жаңарған диалогиялық (сұхбаттық) ойлаудың жаңа парадигмасын қалыптастыруға үндейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың толеранттық сана мен дінаралық қарым-қатынастың жаңа формаларын қалыптастыру жөнінде қойған міндеттері Қазақстанның әр алуан діндері мен әртүрлі аймақтарындағы діни қарым-қатынастың мазмұны мен бағыттары жөнінде ғылыми зерттеулерді күшейтуді көздейді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Қоғамдағы бүгінгі күнгі ең басты мәселе - жас ұрпақтың жат діни ағымдардың құрығына түсіп қалуына жол бермеу, оған қарсы тұру, экстремистік көзқарастардың орын алуына жол ашатын саңылауды жабу;

Ислам дінінің адам өміріндегі орны мен қазақ халқының дүниетанымындағы, тұрмыс - тіршілігіндегі рухани құндылықтарының көркем мәтіндеріндегі яғни Абай сынды ғұламаларымыздың өлең, қарасөздері арқылы мән - маңызын саралау, түсіндіру.

Ислам дінінің негізі болып саналатын хадистер мен сүннеттердегі құндылықтарды салт - дәстүр, әдет - ғұрып тәрбиелерімен сабақтастырып оқушы бойына сіңіру деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

Абай. Қарасөздері. Алматы «Өнер» 2005ж.

Ш.Әділбаева. Хадис - ғұрпымыз, сүннет - салтымыз. Алматы 2011ж.

М. Бесбаевтың «Иман» әні орындалады.
Интернет.